

Баспасөз хабарламасы

Нұр-Сұлтан қ., 28 ақпан 2020 жыл

«ҚазТрансОйл» АҚ «Транснефть» ЖАҚ-тың кондициялық емес мұнай үшін қазақстандық мұнай компанияларына төлемдерін аяқтағаны туралы хабарлайды

2020 жылғы 27 ақпанда соңғы қазақстандық компания «Транснефть» ЖАҚ тарапынан өтемақы алды. Осылайша, Усть-Луга портындағы 699 мың тоннаға жуық кондицияланбаған мұнайды тиеп жөнелту шығындарын өтеу мәселесінде қазақстандық мұнай компанияларының атынан мәлімдеме жасайтын «ҚазТрансОйл» АҚ пен «Транснефть» ЖАҚ арасындағы қол қойылған келісімдер шеңберінде барлық 38 қазақстандық жүк жөнелтушілер төлемдер алды.

2019 жылғы сәуір-мамыр айларында «Транснефть» ЖАҚ магистральдық мұнай құбырлары жүйесінде тасымалданатын мұнайда хлорорганикалық қосылыстардың жоғары шоғырлануына байланысты төтенше жағдай қалыптасқанын естеріңізге саламыз, бұл Усть-Луга портындағы танкерлерге қазақстандық жүк жөнелтушілердің кондицияланбаған мұнайын тиеуге алып келді.

Анықтама:

«ҚазТрансОйл» АҚ – магистральдық мұнай құбыры бойынша ҚР ұлттық операторы болып табылады. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ тобына кіреді. Ұзындығы 5,4 мың км әртараптандырылған магистральдық мұнай құбыры желісіне иелік етеді. «ҚазТрансОйл» АҚ өндірістік объектілері Шымкентте, Қарағанды, Павлодар, Түркістан, Солтүстік Қазақстан, Атырау, Маңғыстау, Батыс Қазақстан, Қызылорда, Алматы, Ақтөбе облыстарында орналасқан. 5 бағыт бойынша қазақстандық мұнай өндіру зауыттарына және экспортқа мұнай тасымалдайды: «Атырау – Самара» және «Қазақстан-Қытай» мұнай құбырлары, Ақтау порты (танкерге мұнай құю), темір жол (цистерналарға құю), ҚҚЖ жүйесіне ауыстырып тиеу.

**«ҚазТрансОйл» АҚ
жұртшылықпен байланыс және
ішкі коммуникациялар департаменті**